

Медициналық бұйымдарды сатып алу бойынша тендер қорытындысы туралы № 3 хаттама

Қостанай қ.

2021 жылғы «28» сәуір

**1. Тендерлік комиссия мынадай құрамда құрылды:**

Тендерлік комиссия төрағасы:

- Иосипенко Е.С. – директор.

Тендерлік комиссия төрағасының орынбасары:

- Нурканова А.А – сапаны бақылау бойынша директордың орынбасары.

Тендерлік комиссия мүшелері:

- Дюсебаев Т. – қан және оның компоненттерін дайындау бөлімінің меңгерушісі;

Тендерлік комиссия хатшысы:

- Галиганова Л.В. – заңгер.

**Сараптау комиссиясы тартылған жоқ.**

Әрбір лот бойынша сатып алуға бөлінген сатып алынатын келесі тауарлардың көлемі мен сомасы бойынша бағалау және тендерлік өтінімдерді салыстыру жүргізілді

лот №	Атауы және сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Өлшем бірлігінің бағасы	Сатып алуға бөлінген сома, теңге	Тауарларды жеткізу мерзімі
1.	Қан мен оның компоненттеріне арналған «CPD» гемоконсервант ерітіндісі, «SAGM» ресуспендиялық ерітіндісімен және екі лейкоциттік сүзгісі бар бес камералы полимерлі контейнер	дана	1500	13360	20040000	мамыр-750, қазан-750
<b>Барлығы (теңге):</b>					<b>20040000</b>	

**2. Сатып алуға қатысуға өтінім ұсынылды:**

№ р/б	Атауы	Заңды мекенжайы	БСН	Өтінім берілген күн және уақыт
1.	«Eira Med» ЖШС	Нұр-Сұлтан қ., Алматы ауданы, 92, 4 ғимарат	161240004221	12.04.2021 жылғы 15 сағат 40 минут

**3. Тендерлік комиссия тендерлік өтінімнің бағасы мен өзге де шарттарының тендерлік құжаттамаға сәйкестігін қарастырды:**

лот №	Атауы	Өлшем бірлігі	саны	Бағасы	«Eira Med» ЖШС

  
 Дүсебаев Т.
 


1.	Қан мен оның компоненттеріне арналған «CPD» гемоконсервант ерітіндісі, «SAGM» ресуспендиялық ерітіндісімен және екі лейкоциттік сүзгісі бар бес камералы полимерлі контейнер	дана	1500	13360	13360
----	--	------	------	-------	-------

#### 4. Тендерлік комиссия келесі жеткізушінің тендерлік өтініміне талдау жүргізді:

4.1. «Eira Med» ЖШС, орналасқан жері: Нұр-Сұлтан қ., Алматы ауданы, 92, 4 ғимарат. Тендерлік өтінімді талдау әлеуетті жеткізуші біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың толық пакетін ұсынғанын көрсетті: «Eira Med» ЖШС құқық қабілеттілігіне ие, төлем жүргізуге қабілетті, салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары және /немесе жарналары бойынша берешегі жоқ, банкроттық не таратылу рәсіміне жатпайды, жосықсыз әлеуетті жеткізушілер тізбесінде жоқ, Сатып алу қағидасының 9-тармағына сәйкес үлестестіктің жоқ екендігін растайды, Сатып алу қағидасының 9-тармағында көрсетілгендей фактілер анықталған жағдайда сатып алу шартын бұзуға келісуі туралы хат бар, медициналық бұйымдарды сату туралы рұқсатта және (немесе) хабарламада көрсетілген мекен-жайға сәйкес иелену және пайдалану құқығы бойынша фармацевтикалық қызметтің объектісіне ие екендігін растайтын құжаттың көшірмесі бар. «Eira Med» ЖШС медициналық бұйымдары көтерме саудада өткізу бойынша қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы екінші санаттағы рұқсаты бар. «Eira Med» ЖШС ұсынған медициналық бұйымдар сатып алу және тендерлік құжаттаманы ұйымдастыру және өткізу Қағидасының 4-тарауының және тендерлік құжаттама талаптарына сай келеді. № 1 лот бойынша ұсынылатын тауарлардың сәйкестігін растайтын құжаттар ұсынылды. Ұсынылған тауарлардың техникалық сипаттамалары тендерлік құжаттамада көрсетілген ерекшеліктерге сәйкес келеді. Ұсынылатын жеткізілім кестесі тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келеді. Ұсынылған тауарлар Қазақстан Республикасында тіркелген.

Ұсынылған тауар «салқындату тізбегін» сақтай отырып, сақтау мен тасымалдау шарттарына сәйкес (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-19 Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қағидаларын бекіту туралы бұйрығы) арнайы ыдыстарда сақталады және жеткізіледі, қалған жарамдылық мерзімі жеткізу сәтінде тендерлік құжаттаманың және сатып алу қағидаларының талаптарына сәйкес келеді. Таңбалауы, тұтынушылық қаптамасы, қолдану жөніндегі нұсқаулық Кодекс талаптарына және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес келеді. Ұсынылған жеткізу шарттары тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келеді. Ұсынылған тауарлардың құны сатып алуға бөлінген сомадан (атаулардың бөлігінде) аспайды. Кепілдікті қамтамасыз ету тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес жасалды. № 1 лот бойынша "Eira Med" ЖШС отандық тауар өндіруші болып табылады. Отандық өндірушінің мәртебесі медициналық бұйымдарды өндіру жөніндегі рұқсаттың (лицензияның), отандық өндірушінің тауарына тіркеу куәлігінің, "СТ KZ" ішкі айналыс үшін тауардың шығу тегі туралы сертификаттың болуымен расталды.

5. №1 лот бойынша «Eira Med» ЖШС жеткізушісі тендерлік өтінімін ұсынды.


#### 6. Ашық дауыс беру арқылы тендерлік өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша тендерлік комиссия ШЕШТІ:

1) «Eira Med» ЖШС (Нұр-сұлтан қаласы, Алматы ауданы, 92, 4 ғимарат) сатып алуды ұйымдастыру Қағидаларының 5-тарауының 24-тармағының негізінде № 1 лот бойынша тендер жеңімпазы болып белгіленсін.


7. Қол қойылған шарттар «Eira Med» ЖШС-не 2021 жылғы «05» мамырға дейінгі мерзімде жіберілсін.

8. «Eira Med» ЖШС қол қойылған сатып алу туралы шартты алған сәттен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде алынған шартқа қол қойсын.


Тендерлік комиссия төрағасы:

- Иосипенко Е.С. – директор. 

Тендерлік комиссия төрағасының орынбасары:

- Нурканова А.А – сапаны бақылау бойынша директордың орынбасары. 

Тендерлік комиссия мүшелері:

- Дюсебаев Т. – қан және оның компоненттерін дайындау бөлімінің меңгерушісі. 

Тендерлік комиссия хатшысы:

- Галиганова Л.В. – заңгер. 